

Мерекелер лайықты аталып өтілді

Қостанай станциясындағы ішкі істер желілік бөлімінде Отан қорғаушылар күні және Ұлы Жеңістің 73 жылдығы мерекесіне орай салтанатты іс-шара өтті.

Іс-шараға Ардагерлер кеңесінің төрағасы Добровольский Александр Иосифович және ішкі істер органдарының ардагерлері шақырылды.

Алдымен жиналғандар Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлерді бір сәт үнсіздікпен еске алды. Бұдан соң, Қостанай станциясындағы ішкі істер желілік бөлімінің бастығы полиция полковнигі Әділжан Бақытжанұлы сөз сөйледі.

«Біз бөлімде қызмет еткен Ұлы Отан соғысына қатысушы ардагерлерге алғысымызды білдіреміз. Олардың қатарында Федор Свиридович Мирошниченко, Иван Андреевич Асеев, Николай Ефимович Журный, Михаил Иванович Верясов, Сейіткерей Ағаділов, Степан Михайлович Бардинов, Илья Яковлевич Ищенко бар. Біз батырларымыздың рухтары мен еңбектері алдында басымызды иеміз. Бүгінгі ұрпақ оларға әрқашан борыштар», - деді Әділжан Бақытжанұлы.

Сондай-ақ, ол ардагерлер мен қызметкерлерді Отан қорғаушылар күнімен және Ұлы Отан Соғысының 73 жылдығымен құттықтады. Оларға мықты денсаулық, Отанымыз – Қазақстан Республикасының өркендеуі жолындағы қызметтерінде абыройлы болуға шақырды.

Осы мерекелік іс-шарада қызметкерлерге кезекті атақтары да берілді. Александр Иосифович Қостанай станциясындағы ішкі істер желілік бөлімінің жеке құрамын мейрамдарымен құттықтап, қызметте табыстар тілеп, өз жұмысының шеберлері болып, жан-жақты дамыған полиция қызметкерлері болуына тілектерін білдірді.

Мерекелерге орай шағын футболдан турнир өткізілді, онда бірінші орынды Қостанай ст. ІІЖБ Тобыл ст. ЖПБ командасы жеңіп алды, оларға кубок табыс етілді.

Қостанай ст. ІІЖБ Мемлекеттік тіл және ақпарат тобы

Кездесулер өткізу дәстүрге айналған

Көліктегі ІІД КҚКБ-ның 06.04.2018 жылғы шығыс № 8-439/3413 нұсқауын орындау үшін «Нұр Отан» партиясы филиалының, Қостанай көлік прокуратурасы өкілдерінің қатысуымен жұмыс кездесулерін өткізу жолға қойылған

Кестеге сәйкес, 2018 жылғы 11 мамырда Қостанай ст. ІІЖБ қызмет көрсету учаскесінде, темір жол вокзалында темір жол ұйымдарының ұжымдарымен және «Қостанай-Қарағанды» бағытындағы № 327/328 жолаушылар поезында Қостанай ст. ІІЖБ бастығының орынбасары полиция подполковнигі Е.Қ. Сүлейменов, Қостанай ст. ІІЖБ КҚПТ-ның аға инспекторы полиция майоры А.А. Раисов, Қостанай ст. ІІЖБ КҚПТ-ның инспекторы полиция аға лейтенанты Ә.Е. Сатубалдина, Қостанай көлік прокуратурасының прокуроры Т.Б. Ахановпен, Қостанай қалалық «Нұр Отан» партиясы филиалының кеңесшісі М.Н. Урдабаевпен бірге темір жол бойында кездесу өткізілді.

Кездесу барысында жолаушылармен түсіндіру жұмыстары жүргізілді, онда жолаушыларға өз заттарын, әсіресе ұялы телефондарын қараусыз қалдырмау, бағыты бір бейтанысазаматтарға сенім артпау және келеңсіз жөйттар орын алған жағдайда жолаушылар поездарына ілесіп жүру жасақтарына уақтылы шағымдану жөнінде кеңес берілді және ҚР аумағына келетін шетелдік азаматтарына көші-қон заңнамасы ұсынған негізгі талаптар түсіндірілді.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі Қазақстан Республикасының көші-қон заңнамасының өзгерістері жеткізілді.

Қостанай ст. ІІЖБ МТАТ

Дөңгелек үстелде қызу талдап, талқыладық



Академияда «Ішкі істер органдары қызметкерлерінің адам құқықтарын сақтау саласындағы құқықтық санасын қалыптастыру» атты дөңгелек үстел өтті.

Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап білім беру жүйесін дамыту, адамзаттық капиталды жетілдіру ҚР мемлекеттік саясатының айнымас приоритеті болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Даму деңгейін жетілдіріп келе жатқан Қазақстанға сауатты шешімдер қабылдайтын және орындайтын заманға сай білімді мамандар қажет» деп баса көрсеткен, бұл сөздер жаңа білім беру жүйесін қалыптастырудың базалық принципіне айналды, нәтижесінде бұл Қазақстанды әлемнің дамыған мемлекеттерінің қатарына қосуға жетелеуде.

Ішкі істер органдарына сауатты мамандарды дайындау қазіргі таңның негізгі міндеті болып табылады. Білім беру жүйесін қазіргі заман талабына сәйкестендіру, бейімдеу дегеніміз ең алдымен жоғары кәсібилікті қалыптастыруды талап етеді, бұны Қазақстан Республикасының ІІМ жоғары оқу орындары жүзеге асырады, соның ішінде Қазақстан Республикасының ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы да бар.

Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау – құқық қорғау органдарының қоғамға деген ең маңызды қызметтерінің бірі.

Ішкі істер органдары барлық

қызметкерлерінің адам құқығын сақтауының маңыздылығын назарға ала отырып мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы Адам құқығы пәнінен сабақ жүргізуді күндізгі және сырттай оқыту факультеттерінде, біліктілікті арттыру және қайта даярлау институтында жүргізеді.

Адам құқығы мәселесінің ең алғашқы интеграциялық қадамы 2012 жылы күндізгі және сырттай оқыту факультеттерінде, сондай-ақ алғашқы арнайы дайындық курстарында да оқытыла бастады. Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы бұл пән үрдісін жоспарлауда Қазақстан Республикасы Конституциясының, Халықаралық құқықтық нормаларының, Қазақстан Республикасы «Ішкі істер органдары туралы» Заңының және басқа да нормативтік-құқықтық актілердің қажеттігін ескере отырып қалыптастырады.

Осы орайда жақында Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының базасында «Ішкі істер органдары қызметкерлерінің адам құқықтарын сақтау саласындағы құқықтық санасын қалыптастыру» атты дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелдің жұмысына Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы бастығының орынбасары, заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), полиция полковнигі С.Н.Бачурин, Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы біліктілікті арттыру және қайта даярлау институтының бастығы, педагогика ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі Г.Б.Жандарбекова, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу істері бойынша басқармасының басшысы Р.С.Болат, Қостанай қалалық сотының судьясы Б.Е.Канкулова, Қостанай қаласы ІІБ бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Б.К.Жансугуров, тұрмыстық

зорлық-зомбылық бойынша халықаралық сарапшы С.В.Корнейчук, педагогика және психология кафедрасының бастығы, филология ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі А.М.Таукенова, психологиялық жұмыс орталығының бастығы, психология магистрі, полиция подполковнигі О.В.Чиржова, ғылыми-зерттеу орталығының қызметкерлері, оқу-әдістемелік орталық қызметкерлері, біліктілікті арттыру және қайта даярлау институтының қызметкерлері, біліктілікті арттыру және қайта даярлау институтының барлық өңірінен келген тыңдаушылар және осы іс-шараны ұйымдастырған мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының қызметкерлері қатысты.

Іс-шарада «Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауын іске асыру аясында ішкі істер органдарын цифрландыру», «Жергілікті полиция қызметін қайта құрудың алғышарттары», «Ішкі істер органдары қызметкерлерінің біліктіліктерін адам құқықтарын сақтау саласында арттыру», «Болашақ полиция қызметкерлерін құқықтық санаға тәрбиелеу» мәселелері қызу талданып, талқылаулардың барысында пікір білдірушілердің ұсыныстары назарға алынды. Бұл жұмыстың мақсаты барлық заң саласына қатысы бар тұлғалардың пікірлерін біліп, жұмыс сапасын арттыру.

Осы ақпаратты заң саласындағы білікті ғалымдардың сөздерін цитатаға алып, қорытындылағым келеді «Болашақта әскер болары болмасы екіталай, ал адам құқықтарын қорғауды жүзеге асыратын полиция болған, бар және болып қалады». Сол үшін ширек ғасыр бойы қоғамның тыныштығын сақтауға мамандарды дайындаудың ұстаханасына айналған Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы білімін жетілдіруді жалғастырады.

М. СМАГУЛОВ,
ҚР ІІМ Академиясының Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы полиция капитаны
Суретті түсірген: С. Камалов

Қойылымнан зор әсер алдық

Қ а з а қ с т а н Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың балалық шағына арналған «Тарихи тұлға» атты сахналық қойылым өтті.

Қандай болмасын өнерді меңгеру дегеніміз бұл – өнер мәселелерін ақылмен білу және тану қабілеттілігін меңгеру болып табылады. Адам баласы бір-біріне сөз арқылы ойын танытса, өнер арқылы сезімін дарытады. Өнер демекші, өнердің басты өзегі ол – театр. Театр – нағыз тәлім-тәрбие мен тағылымның ортасы. Киелі өнердің ордасына бас сұққан жастарымыз мәдениетті де үйреніп, өмірді де көреді. Ақ пен қараның арпалысып жатқан заманның ащы шындығын біліп, ара жігін ажырата алады. Керегін алады да, көңіл сүзгісінен саралап өткізіп, керексізін кері ысырады. Сол себепті де артымыздан ерген бауыр, қарындастарымызды театр қойылымдарына қызығушылығын арттыру біздің бірден-бір парызымыз. Міне, осы бір өнер түрін дамыту мақсатында және де «Рухани жаңғыру» бағдарламасына орай, сонымен қатар кураторлық сағатының аясында «Педагогика және психология» кафедрасының ұйымдастыруымен алғаш рет Академия тәрізінде КОФ курсанттарының қатысуымен Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан

Әбішұлы Назарбаевтың балалық шағына арналған «Тарихи тұлға» атты сахналық қойылым болды.

Қойылым Елбасының Алматы облысы, Үшқоңыр жазығы, Шамалған ауылындағы балалық сәтін бастап, 17 жастағы бозбала шағына дейінгі өмірінен сыр шертеді. Сәби сүйе алмай зарығып жүрген ата-ананы әжесі Райымбек бабаның басына апарып түнетеді. Нұрсұлтан Әбішұлы дүниеге келер алдында, оның анасы түс көреді. Түсінде көл астында жатқан көне қаруға тап болады. Түс жорушы анасын ұлды болатынын және ұлының өмірі күреске толы болатындығын айтады. Тілегі қабыл болып, қалың нәсер жауған күні Сұлтан дүние есігін ашады. Нәсер күні туған ұрпағын әке-шешесі «Апланың нұры жауып тұр» деп жақсылыққа жоруын бейне жазбадан көрсетілді. Әрі қарай қойылым сахна төрінен бір уыс бидайды уыстап салып, диірмен тартып отырған әже бейнесін көрсетуімен жалғасын тапты. Ол немересі Сұлтанға Адам Ата мен Хауа Ана жөнінде әңгіме шертіп, жеті атасын айтып беруді сұрайды. Бала Сұлтан зуылдатып, жеті атасын таратып айтып береді. Осы тұсынан-ақ баланың зеректігі байқалады. Өзі бала жасынан армандаған ұшқыштың оқуына бармай қалуы да Сұлтанның әке көңілін қалдырғысы келмегендігін көрсетеді. Бірақ әкесі Әбіш оған: «Ол оқуға барма» дегенді кесіп

айтқан жоқ. «Қай қаласында болса да, Қазақстанның бір жерінде туынды тіккенің дұрыс болар еді» деген сөзін а й т қ ы з б а й ұққан Сұлтан әке тілегін екі етпей орындайды. Мұның өзі де оның ұлағатты ұл ғана емес, бірден батыл шешім қабылдай алатын ерік-жігер иесі болып өсіп келе жатқанын көрсетеді.

Осылайша сахналық қойылым арқылы қарапайым отбасында тәрбиеленген Елбасының сәби кезінен бастап-ақ алғыр, дарынды, достарының арасында қамқор бола білген қасиеттеріне куә болдық. Бір сағатқа жуық сахна қойылымын бір деппен көріп, оның қалай соңына жеткенін сезбей де қалған көрермендердің алған әсерлері, сезім мен ризашылықтары әрі қарай Елбасының туып өскен жері «Үш қоңыр» ауылына арналған әнімен және «Алға Қазақстан!» атты флешмоб биімен жалғасын тауып, нұр үстіне нұр болды.

Осы бір ауқымды іс-шара соңында Академия бастығы полиция генерал-майоры Қызылов Мирлан Ахмедияұлы сөз сөйлеп, ұйымдастырушылар мен қатысқан курсанттарға өз алғысын білдіріп, үш жасар кішкентай әртісімізден бастап өнерлі де шебер әртіс курсанттарымызды



марапаттады. Рухы әлсіз, ұстанымы бұлыңғыр ұрпақ ескекіз қайық сияқты, қай жағалауға барып соғылары беймәлім. Сол себепті оған дем беріп, жағалауды көрсетер төлімгер екенін ұмытпайық. Театр – тірі тарих. Рухани құндылықтарымыз: театр, кітап, әдеби өлем дүниелерін мұқият оқу, адами таным мен тәжірибеде мықтап ескеру – адамзаттың асыл парызы. Ұлт мақтаныштары, тарихи тұлғаларымызды әрқашан есте сақтап, ерен еңбектерін елеусіз қалдырмау келешек ұрпақтың еншісінде.

Б. АБДЫҚАЛЫҚОВ,
ҚР ІІМ Академиясының Педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы,
211-212 оқу тобының кураторы,
полиция подполковнигі,
Н. ТУРСУМБАЕВА,
Педагогика және психология кафедрасының оқытушысы,
308-оқу тобының кураторы,
полиция аға лейтенанты

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru

Ұлы Отан соғысына қатысушылардың жесірлеріне барып шықты

Жеңіс күніне орай Қостанай ст. ІІЖБ бастығының орынбасары полиция подполковнигі Мамбетов Жақсылық Әлеңұлы Қостанай ст. ІІЖБ Добровольский Александр Иосифовичпен бірге Ұлы Отан Соғысына қатысушылардың жесірлері: Мирошниченко Зоя Федоровнаға және Ағаділова Зақанға барып гүлшоқтарын, сыйлықтарын табыс етті.

Құқық қорғаушылар оларға Жеңіс, ашық аспан үшін алғыстарын білдіріп, денсаулық және жақсы көңіл-күй тіледі.

Үйлеріне бару әрқашан өте жағымды әсер етеді, өйткені зейнеткерлер шынайы көңіл мен қамқорлықты сезеді. Әжелер өз кезегінде көңіл бөлгені үшін алғыстарын білдіріп, өткенді еске алып, олардың жақындарының соғыс жылдарындағы ерліктерін атап өтті.

Отан үшін борышын атқарған, қаза тапқан Ұлы Отан Соғысына қатысушыларды еске алу - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының міндеті.

Зоя Федоровна - Қостанай ст. ЖМБ бірінші бастығы Мирошниченко Федор Свиридовичтің жұбайы.

Мирошниченко Федор Свиридович 1917 жылғы 09 қазанда Донецк облысы Харциск ауданы Михайловка ауылында кенші отбасында дүниеге келген.

1936 жылы 8 сынып бітіргеннен кейін

Федор Свиридович шахтаға жұмыс істеуге барған. Екі жылдан кейін Совет әскеріне қызметке шақырылған. Үш жылдан кейін майданға жіберілген. Қырым майданының 716-атқыштар полкінде пулеметші взводының командирі ретінде жаумен күресіп, онда алғашқы кіші лейтенант атағын алған.

1942 жылдың мамыр айында Федор Свиридович ауыр жарақат алып, Есентуки қаласының госпиталіне, кейін Баку қаласының госпиталіне жіберілген. Жарты жылдан кейін денсаулығы бойынша Алматы қаласына Матай станциясындағы темір жол мектебіне әскери жетекші ретінде жіберілген.

Әскерде еңбек сіңіргені үшін Қызыл Жұлдыз орденімен және «Ұлы Отан Соғысына қатысқаны үшін» медалімен марапатталған.

Соғыстан кейін Федор Свиридович ішкі істер органдарына жұмыс істеуге кіріп, 1962 жылы қызметтік борышын адал атқарғаны үшін КСРО Ішкі істер министрінің бұйрығымен ІІМ-нің құрметті қызметкер белгісімен марапатталған.

1963 жылдың қазан айында Ф.С. Мирошниченко Қостанай станциясындағы Желілік милиция бөлімі бастығы болып тағайындалған, ал 1972 жылы желтоқсан айында подполковник атағында зейнетке шыққан. Германияны жеңгені үшін 50-жылдығына байланысты оған полковник атағы берілген.

Ағаділова Зақан - Ағаділов

Сейіткерейдің зайыбы. Ағаділов Сейіткерей 1927 жылғы 2 мамырда Қостанай облысы Амангелді ауданы Сарыөзек ауылында дүниеге келген. 8 сыныпты бітіргеннен кейін колхозға жұмыс істеуге барады. 1944 жылы қараша айында Совет әскерінің қатарына шақырылып, Краснознаменск дивизиясының 186-атқыштар жеке батальонына жіберілді. Генерал Батовтың 65-ші әскерінің 298-атқыштар полкінде оған әскери сержант атағы берілді. 1945 жылы наурыз айында 2-ші Белорусс майданына жіберіліп, онда соғыстың аяғына дейін командир лауазымында жаумен шайқасқан.

1946 жылы 1 сәуірден бастап 1947 жылға дейін Германиядағы совет әскері тобының 22-механика дивизиясында қызмет атқарған. 1947 жылғы қаңтар айынан 1951 жылғы қазан айына дейін Совет әскерінің Орал әскери округінің әскери - әуе күштерінде бөлімше командирі лауазымында қызмет атқарған.

1952 жылы Совет милициясына қызметке түсті. 34 жыл бойы ауыртпалығы мол қызметін Құсмұрын ст. ІІЖБ командир бөлімшесі лауазымында қызмет атқарған.

1986 жылы милиция старшинасы атағында құрметті демалысқа шыққан.

Қостанай ст. ІІЖБ Мемлекеттік тіл және ақпарат тобы

Оқыту бағдарламасы әзірленетін болады



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 912 қаулысымен ІІМ Қостанай академиясының базасында пробация қызметі мамандарын оқыту орталығын ашу қарастырылған болатын.

Аталған бағытта «Қазақстандағы қылмыстық әділ сотты жетілдіру» ЕК жобасының өкілдері белсене қатысуда.

Бұл жобаны іске асыру бойынша халықаралық ынтымақтастық шеңберінде Қостанай академиясының базасында жақында пробация қызметі мамандарын оқыту мәселелері бойынша семинар өткізілді.

Семинарға «Қазақстандағы қылмыстық әділ сотты жетілдіру» ЕК жобасының жетекшісі Бен Зенгерик, Академияның профессорлық-оқытушы құрамының өкілдері және Қостанай облысы бойынша ҚАЖД пробация қызметінің қызметкерлері қатысты.

Семинар жұмысы пробация қызметі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау үшін оқу бағдарламаларын әзірлеу; Пробация мамандарын оқыту орталығының ойдағыдай жұмыс істеуі үшін стратегиялық пайымдау, ұйымдастырушылық құрылымын әзірлеу бағыттары бойынша жүргізілді.

Семинар қорытындысы бойынша пробация қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға арналған оқу процесін жетілдіру бойынша барлық ұсыныстар назарға алынып, оқыту бағдарламасына енгізілетін болады.

ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының Біліктілікті арттыру және қайта даярлау институты

Болашағы зор шешім

Латын әліпбиіне көшу – түркі тілдес бауырлармен толық ынтымақтастық орнатумен тең.

Латын әліпбиіне көшу – Елбасымыздың алға қойған ауқымды мақсаты. Аталған әліпби – өлемде кеңінен тараған әліпбилердің бірі. Негізгі бұрын біздің ата-әжелеріміз латын әліпбиінде жазып, оқыған. Біз ХХІ ғасырдың жастары да латын әліпбиіне өтуіміз керек – ол анық дүние. Өйткені, қазіргі кезде ғаламтор желілеріндегі барлық ақпарат көздері латын қарпіне жазылады, ақпарат алмасу да, құжат алмасу да электронды пошта арқылы жүзеге асырылады. Диссертацияға қосымшаның ағылшын тілінде жазылуы да талап етіледі.

Біз сонау түркілердің қатарына кірген көнеден бері келе жатқан халықпыз, сол себепті, латын тіліне көшіп, біз түркі тілдес халықтарға бір қадам жақындаймыз. Өйткені, түркі тілдес бауырларымыздың мәдениеті де, тілі де бізге ортақ болған. Олардың тілдік құрамы латын әліпбиінде жазылғандықтан олармен оңай хат алмасу аламыз, тіл табыса аламыз. Түп негізінде, латын әліпбиіне көшу – түркі тілдес бауырлармен толық ынтымақтастық орнатумен тең.

Мен латын әліпбиіне көшуді орындау, жұртымыздың сана-сезімін арттыратын және болашағы зор шешім деп санаймын. Оның үстіне латын әліпбиіне ауысу еліміздің өз дамуын жалғастыруда зор ықпалын тигізетініне сенімдімін. Келешекте біздің өскелең ұрпақ бүгінгі істелген жұмыстың арқасында бәсекеге қабілетті, өз ана тілінде жазып және оқи алатын, ата-бабасының мәдениеті мен тарихын толық білетін азамат болатынына сеніммен қараймын.

Әйгерім БАЙҚАСОВА,
Әулшекөл ауданы ІІБ
мемлекеттік тілді дамыту
және ақпарат тобының маманы

Әділ үкім шығаруға кедергі келтіреді

Жоғарғы соттың Қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Абай Рахметуллин сот төрелігіне кедергі келтіретін бес негізгі мәселені атап көрсетті, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

“2018 жылдың алғашқы 4 айында Жоғарғы сот кінәсіздігі дәлелденген 7 адамға қатысты қылмыстық істі тоқтатты. Яғни, адамды негізсіз қылмыстық тергеуге алу фактілері әлі кездеседі, салдарынан адам ұзақ уақыт бойы сотталушы статусында жүреді. Мұның бірқатар себептері бар. Біріншіден, заңнамаға сәйкес, прокурор судьяға қылмыстық істі жібереді. Судья сотталушыны айыпты деп қабылдайды. Қорғаушы тарап та өз ұсынымдарын беруді қажет деп есептейміз. Мәселен, Эстонияда прокурор сотқа қылмыстық ісін айыптау актісін жіберсе, қорғаушы - қорғау актісін жібереді. Осылайша, соттың істі қарау барысында екі тарапқа бірдей мүмкіндік

беріледі. Бұл тәжірибені бізге де, әзірге жеңіл және орташа қылмыстарға енгізу қажет”, - деді Абай Рахметуллин Жоғары сотта өткен дөңгелек үстелде.

Сондай-ақ, А. Рахметуллин азаматтардың құқығын сотқа дейінгі кезеңде-ақ қорғау қажеттігін баса айтты. “Тергеу судьясы - қылмыстық істің тану және тергеу сатысында заңбұзушылықтарға жол бермеуі тиіс жауапты тұлға. Бүгінде тергеу судьяларының күзиреті кеңейтілді, мәселен, олар танушының тергеушінің немесе прокурордың әрекетіне түскен шағымдарды қарай алады. Аталған заңбұзушылықтар сотқа дейінгі ендірісте анықталып, заңсыз деп танылуы тиіс”, - дейді А. Рахметуллин.

Үшіншіден, өлім жазасы немесе өмір бойы бас бостандығынан айыру жазалары көзделген аса ауыр қылмыс істері алқабилер сотының қатысуымен қаралуы тиіс. “2015 жылдың 31 қазанындағы заң бойынша алқабилер сотының отырысы

тағы төрт ауыр қылмыспен толықты, олар: адам ұрлау, адам саудасы, көмелет жасқа толмағандарды қылмыстық құқықбұзушылыққа итермелеу және ауыр мән-жайда көмелет жасқа толмағандарды саудалау. Айыптау мен қорғау тараптарының сайыскерлігін арттырып, заңдық тәртіппен қамтамасыз ету үшін алқабилер институтын дамыту керек”, - деп түсіндірді Жоғары сот өкілі.

Төртіншіден, істі қарау барысында судьяның прокурорлармен немесе сотқа дейінгі ендіріс органдарының қызметкерлерімен процестен тыс байланысуына жол бермеу қажет. А. Рахметуллиннің айтуынша, күдіктіні қамауда қалдырып, айыптау үкіміне қол жеткізу үшін кей қызметкерлер істі қарау барысында судьяға барынша ықпал етуге тырысады. Өз айыптауларын негіздеп, күдіктіні жағымсыз кейіпте сипаттайды. Бұған жол беруге болмайды.

Бесіншіден, қоғамдық пікірді әдейі өзгерту әрекеттері дұрыс үкім шығаруға кедергісін

келтіретін көрінеді. “Бұқаралық ақпарат құралдары қандай да бір оқиға туралы негізсіз ақпаратқа сүйеніп, дүрбелең туғызады. Сол себепті қоғам оқиғаның байыбына жетпей, істі әділ қарамады деп, сотты кінәлайды”, - дейді А. Рахметуллин.

Оның айтуынша, бұқаралық ақпарат құралдары оқиғаны қалай көрсетсе, халық тура солай қабылдайды. Сотқа қысым жасау үшін де көпшіліктің пікірін қолданатындар да бар. “Сондықтан, күдіктіні ұстау бойынша оперативті шаралардың бәрін БАҚ-та көрсету дұрыс емес, ұсталған тұлға кінәлі болмай шығуы да мүмкін. Судья үкім шығарарда мұндай жағдайларға мән бермеуі керек, заңға ғана сүйенуі керек. Біздің қоғам бір нәрсені түсінуі керек: адамның кінәлі немесе кінәсіздігін Фейсбук немесе БАҚ анықтамайды, сот қана үкім шығара алады”, - деп өз сөзін түйіндеді Абай Рахметуллин.

Бас мүфти Рамазан айына қатысты мәлімдеме жасады

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы Сәрікбай қажы Ораз Рамазан айының қай күні басталатындығын ресми жария етті.

«Келе жатқан қасиетті Рамазан айы баршамызға құтты, берекелі болғай! Биыл Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы ғұламалар кеңесінің шешімімен шарият ережелерінде айды көріп, Оразан бекіту және отандық астрафизикалық зерттеулер орталығының негіздеріне сүйене отырып, 16 мамыр кешкі алғашқы тарауих намазы оқылады. 17 мамыр рамазан айының бірінші күні болып бекітілді. Келе жатқан Ұлық ай баршамызға құтты, берекелі болсын!», — делінген Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы таратқан Бас мүфтидің қазақстандықтарға арнаған үндеуінде.

Рамазан айының басталуын нақты анықтау шарифи үкімдер мен астрономиялық есептер негізінде жүзеге асады. Алғашқы

кезеңде мұсылмандар жаңа туған айды көзбен көретін. Ғылым мен технология дамыған заманда мұсылмандық күнтізбе шарифи үкім мен ғылыми зерттеулер негізінде жасалды. Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Оразаны айдың тууына қарап бастап, айдың тууына қарап аяқтандар. Егер ай көрінбесе, шағбан айын отыз күнге толтырып, бастай беріңдер», — деген.

Демек, мұсылман жұртшылығы рамазаннан бұрын болатын шағбан айының жиырма тоғыз күні кешке қарай жаңа айдың (рамазанның) тууын күтулері керек. Жаңа ай көрінсе, онда келесі күні ораза ұстайды. Егер көрінбесе, сол айды отыз күнге толтырып, оразаны бастайды. Бірқатар мұсылман мемлекеттерінің ғалымдары осы хадисте айтылған шағбан айының 29-ыншы күні 15 мамырға, ал 30-ыншы жұлдызы 16 мамырға сай келетінін мәлімдеуде. Демек,

астрономиялық есептер 16 мамырда жаңа айдың туылатынын көрсетуде. Ал 17 мамыр — рамазан айының алғашқы күні болып есептеледі.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы еліміздегі іргелі зерттеу орталықтарының бірі болып табылатын «Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы» мекемесінен жаңа айдың көрінуіне қатысты ресми мәлімет сұратты. Аталмыш мекеме 16 мамырда астрономиялық құралдар көмегімен жаңа айды көруге болатынын мәлімдеді. Осыған орай, ҚМДБ Ғұламалар кеңесі шарифи үкім мен отандық астрономиялық ғылыми зерттеу нәтижесін негізге ала отырып: «17 мамыр — Рамазан айының бірінші күні», — деген шешім қабылдады.

Электрондық ақпарат құралдарынан

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru